

Лозов ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 25 наурыздағы "Лозов ауылдық округі Екатеринослав ауылы аумағында шектеу іс-шараларын енгізе отырып ветеринариялық режим белгілеу туралы" №1 шешімнің күшін жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Успен ауданы Лозов ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 12 шілдедегі № 2 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына сәйкес және Успен ауданының мемлекеттік ветеринарлық–санитарлық бас инспекторының 2016 жылғы 07 шілдедегі № 2-19/325 ұсынысы негізінде **ШЕШІМ** қабылдаймын:

1. Лозов ауылдық округі Екатеринослав ауылы аумағында ет қоректілердің құтыруына қарсы кешенді ветеринарлық шаралардың жүргізілуіне байланысты шектеу іс-шаралары алынып тасталсын.

2. Лозов ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 25 наурыздағы № 1 "Лозов ауылдық округі Екатеринослав ауылы аумағында шектеу іс-шараларын енгізе отырып ветеринариялық режим белгілеу туралы" шешімнің (Павлодар облысының Әділет Департаментінде 2016 жылдың 14 сәуірінде № 5070 тіркелген, 2016 жылдың 23 сәуірінде аудандық "Аймақ ажары" газетінің № 16 жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

*Лозов ауылдық
округінің әкімі*

Б. Баймолдинов